

Жакипбекова С.С.<sup>1</sup>, Бакбергенова У.Б.<sup>2</sup>, Есимханова Р.К.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>научный руководитель, phd, старший преподаватель, [sauleskorpion@mail.ru](mailto:sauleskorpion@mail.ru)

<sup>2</sup>магистрант 2 курса по специальности 7M01902 – Логопедия, [bakbergenovaulzhan@gmail.com](mailto:bakbergenovaulzhan@gmail.com)  
КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>директор офиса регистратора, старший преподаватель,  
Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА У ДОШКОЛЬНИКОВ С ОНР (II УРОВЕНЬ)

### Аннотация

В данной статье на основе эксперимента выявлены и описаны особенности развития словарного запаса детей второго уровня с общим недоразвитием речи. В соответствии с ней были отобраны и разработаны методы проверки словарного запаса детей 5-6 лет, определяющие современное состояние, состояние развития словарного запаса. Методы проверки направлены на выявление компонентов речи, то есть лексического, активного и пассивного словарного запаса. Здесь был проведен анализ компонентов словарного запаса, рассчитаны общие показатели. Данная информация необходима для определения современного состояния словарного запаса детей второго уровня с общим недоразвитием речи в дошкольном возрасте и выбора коррекционных технологий формирования словарного запаса.

Отборочные работы важны как для повышения эффективности использования коррекционных технологий для развития словарного запаса в будущем, так и для коррекции общего недоразвития речи у дошкольников.

**Ключевые слова:** дети с речевыми нарушениями, дошкольники, методика выявления словарного запаса, коррекционные технологии

Zhakupbekova S.<sup>1</sup>, Bakbergen U.<sup>2</sup>, Yesimkhanova R.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Scientific supervisor, phd, senior lecturer, [sauleskorpion@mail.ru](mailto:sauleskorpion@mail.ru)

<sup>2</sup>2-nd year master student, major in 7M01902 – Speech therapy, [bakbergenovaulzhan@gmail.com](mailto:bakbergenovaulzhan@gmail.com)  
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>registrar's office director, senior lecturer, Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov

## FEATURES OF VOCABULARY DEVELOPMENT IN PRESCHOOLERS WITH ONR (LEVEL II)

### Abstract

In this article, on the basis of an experiment, the features of the development of the vocabulary of second-level children with general speech underdevelopment are identified and described. In accordance with it, methods of checking the vocabulary of children aged 5-6 years were selected and developed, determining the current state, the state of vocabulary development. The verification methods are aimed at identifying the components of speech, that is, lexical, active and passive vocabulary. The analysis of vocabulary components was carried out here, and general indicators were calculated. This information is necessary to determine the current state of the vocabulary of second-level children with general speech underdevelopment in preschool age and the choice of correctional technologies for vocabulary formation.

Qualifying works are important both for improving the effectiveness of the use of correctional technologies for the development of vocabulary in the future, and for correcting the general underdevelopment of speech in preschoolers.

**Keywords:** children with speech disorders, preschoolers, vocabulary detection methods, correctional technologies.

Сөйлеу тілі бұл бала дамуының негізгі көрсеткіші. Сөйлеу кез-келген баланың әлеуметтік әлемімен өзара әрекеттесуін, өзін және өз іс-әрекетін түсінуге, өз тәжірибесін басқа адамдарға білдіруге мүмкіндік беретін маңызды психикалық процесс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін қалыптастыру кезеңінде әртүрлі қиындықтар туындайды. Олардың ішіндегі ең кең тарағаны, яғни ең күрделілерінің бірі-сөйлеудің жалпы дамымауы. Сөйлеудің дамымауы-әр түрлі тілдік бұзылыстар, онда зияты дамыған және есту қабілеті дамыған балаларда дыбыстық, семантикалық жағына қатысты сөйлеудің барлық компоненттерінің қалыптаспауы.

В.П. Глухов, В.А. Ковшиков және басқа авторлар сөйлеудің жалпы дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балалар зейіннің тұрақсыздығымен, ауызша-логикалық ойлаудың артта қалуымен, жалпы және ұсақ моториканың дамымауымен сипатталатынын атап өтті.

Сөздік қоры шектеулі балалар қарапайым сөздердің мағынасын түсінбейді, сондықтан олар сөздерді, әріптерді бұрмалап сөйлейді. Мұндай жағдайдың әсерінен мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қоры

- жинақтауды;
- байытуды;
- нақтылауды қажет етеді .

Сонымен қатар, сөйлеу қабілеті бұзылған бала саусақтардың қозғалысын дұрыс үйлестіре алмайды. Оларда мотордың ыңғайсыздығы, саусақ қозғалыстардың дәл еместігі, қимыл қозғалыстарында қиындықтары бар, бұл қарындашты ұстай алмау, контурларды сызу, суретті бояу арқылы көрінеді.

Сөйлеу іс-әрекетте қалыптасады. Ойын әрекеттерімен қатар, сурет салу сөйлеуді дамытуда үлкен маңызға ие. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыту және тәрбиелеу үшін сурет салудың маңызы зор және жан-жақты. Сурет салу баланың белсенді сөйлеуінің дамуымен тығыз байланысты және ойлау, қабылдау, қиял, ұсақ моториканы дамытады (Тихеева Е.И.).

Сурет салудың сенсорлық-перцептивті мүмкіндіктері оны дамытушылық жұмыста қолдануға мүмкіндік береді. Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі саусақтардың қимылдарының қалыптасуына тікелей байланысты. Саусақтардың қозғалысы орталық жүйке жүйесінің қызметін ынталандыратыны және баланың сөйлеуінің дамуын тездететіні дәлелденді.

Қазіргі уақытта сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға түзету көмегін көрсету мәселесі ерекше өткір тұр. Бір жағынан, бұл сөйлеу патологиясы бар балалар санының көбеюіне, екінші жағынан түзету жұмыстарының жаңа құралдары мен әдістерін іздеуге байланысты. Логопедиялық жұмыстың маңызды бағыттарының бірі - сөйлеу қабілеті жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөздік қорын қалыптастыру және дамыту.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар тез шаршайды олардың қызығушылығы мен белсенділігі тез жоғалады, сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың логопедиялық сабақтарға мотивациялық қатысуы мен қызығушылығын ескере отырып, балалардың сөздік қорын байыту әдістері мен технологияларын жетілдіру өзекті болып саналады. Сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардағы негізгі ерекшелігі – балалардың белсенді сөздік қорының сапасы мен көлемі баланың жас ерекшелігіне сәйкес келмейді.

Сурет салу технологияларын қолдана отырып, мектепке дейінгі балалардың сөздік қорын байытуға арналған түзету жұмыстары белгілі бір лексикалық тақырып шеңберінде қажетті лексиканы (зат есімдер, сын есімдер, етістіктер және т.б.) нақтылауға, белсендіруге және бекітуге ықпал ететін тапсырмаларды қамтуы керек.

Баланың өз қабілеттеріне деген сенімін дамыту үшін сабын көпіршіктері арқылы сурет салу, нүктелер арқылы сурет салу, құммен сурет салу, алақанмен, саусақпен сурет салу, жыртылған аппликация әдісі, сияқты әдістерді қолдану тиімді әрі қызықты.

Балалар бұл әдістермен сурет салуға үлкен қызығушылықпен қарайды, бұл білім беру қызметінде танымдық дамуы мен және қызығушылығының артуына мүмкіндік береді.

Осылайша, сурет салу негізінде логопед сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардағы сөздік қорын қалыптастыруға және кеңейтуге (белсенді, енжар) ойлау операцияларын қалыптастыруға (талдау, синтез, салыстыру, жалпылау), біртұтас сөйлеуді дамытуды жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Сурет салу арқылы сөздік қорды молайту кезінде әр түрлі тапсырмалар беруге болады.

- сөздерді байланыстыру
- сурет бойынша әңгіме құрау
- заттарды көлеміне қарай орнату
- суретті бояу немесе т.б.

Әдістемелерді ұсыну барысында берілген тапсырмалар баланың жас ерекшелігіне дәне деке ерекшеліктеріне сай болуын сонымен қатар қиын тапсырманың болмауын ескеру керек.

Ол үшін біз жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалардың сөздік қорын дамыту үшін балалардың сөздік қорының қазіргі жағдайын анықтау үшін анықтаушы эксперимент жүргізуді шештік.

Анықтаушы экспериментінің барысы:

Анықтаушы эксперименттің негізгі мақсаты - сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөздік қорының қазіргі жағдайын анықтау.

Эксперимент жүргізу үшін біз келесі әдістемелерді іріктеп таңдап алдық:

Қ.Қ. Өмірбекованың әдістемесі СТЖД балалардың сөздік қорын тексеруге бейімделіп алынды.

Анықтаушы экспериментке 20 бала қатысты. Зерттеу үшін балабақшаға тұрақты баратын 20 баламен жұмыстар жүргізілді.

Эксперимент үшін диагнозы бірдей СТЖД 2-ші деңгейіндегі 5-6 жас аралығындағы балаларды алдық.

Олардың сипаттамасына келіп тоқталсақ:

- Дыбыстарды дұрыс айта алмау.
- Тілдік және тілдік емес естіп қабылдауының қалыптаспауы.
- Сөз, дыбыс және буынның негізгі құрамын сақтай отырып, айта алмауы.
- Сөздік қорының артта қалуы (заттардың атауларын, түстерін, фигурасын, түрлерін, жалпы және жеке атауларын, жыл мезгілдері, уақыт ұғымдарын және т.б.)
- Сөз түсінуі қабілетінің дамымауы (нұсқаулықтарды дұрыс түсінбеуі: отыр, тұр, қолыңды көтер және т.б.)
- Сөйлем құрай алмауы, ауызша сөйлеу тілінің дамымауы.
- Лексикалық-грамматикалық (сөзжасам, сөзөзгерту дағдылары) қабілеттері тұрғысынан артта қалуы.
- Сөзсіз процестерінің дамуының (ойлау, зейін, есте сақтау және т.б.) артта қалуы. Мектеп жасына дейінгі СТЖД II балалардың сөздік қорын тексеруге Қ.Қ. Өмірбекованың әдістемесі бейімделіп алынды.

Мектеп жасына дейінгі СТЖД II балалардың сөздік қорының жағдайын анықтау әдістемесіне пайдаланылған тапсырмалар төмендегідей жүйеленді.

*Балалардың сөздік қорын тексеру тапсырмалары.*

I. Зат есімдерден 22 бағыттағы лексикалық бағыттағы тақырыптар қамтылды.

1. Дене бөліктері (ауыз, көз, құлақ, қол, кірпік, қабақ, бет, ерін, тіс, іш, бел, шаш, арқа)
2. Тұрмыстық заттар(қасық, кесе, тарелка, шанышқы, жастық, көрпе, және т.б.)
3. Ойыншықтар (доп, машина, аю, қоян)
4. Киім (жейде, көйлек, жемпір, шалбар, қолғап, күртеше, күрте, шұлық)
5. Жиһаз (шкаф, стол, төсек, сөре, диван)
6. Көкөніс (қияр, қызанақ, шалқан, қырыққабат, сарымсақ, пияз)
7. Жеміс-жидек (алма, алмұрт, өрік, апельсин, мандарин, құлпынай, таңқурай)
8. Еңбек құралдары (күрек, шелек, қайшы, сыпыртқы, балға, балта, бұрғыш)
9. Мамандықтар (аспаз, дәрігер, мұғалім, өрт сөндіруші, милиция, шопан, көлік жүргізуші және т.б.)
10. Аяқ киімдер
11. Музыкалық аспаптар
12. Оқу құралдары
13. Көліктер
14. Жыл мезгілдері
15. Уақыт мөлшері

16. Тәулік мезгілі
  17. Кеңістікті білдіретін сөздер
  18. Ыдыстар
  21. Жануарлар
  22. Жиынтық жалпылама сөздер
- II. Сын есімдер
1. Түстер (қызыл, сары, көк, қоңыр, күлгін, қызғылт, сұр, көгілдір, ақ)
  2. Көлем (сопақ, домалақ, төртбұрыш, үшбұрыш)
  3. Өлшем (ұзын, қысқа, кішкентай, үлкен)

III. Етістік

Не істеді? қайтті? деген сұрақтарға байланысты суреттер.

(отырды, тұрды, жүрді, көтерді, айдады, тепті, секірді, жүгірді және т.б.)

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған II деңгейдегі балалардың сөздік қорын тексеру критерилері келесідей категорияларға дайындалды.

Сөздік қорды тексеруге бағытталған тапсырмалық материалдар бірнеше бөлімге (зат есім, сын есім, етістік) бөлінді.

*Жауапты бағалау.*

Әр категория бойынша тапсырмаларды орындау бойынша, баллдардың көлеміне қарай сөздік қордың дамуын үш деңгейге бөліп қарастырдық:


1. «**Жоғары деңгей**» 20 -30 балл аралығында алған балалар.
2. «**Орта деңгей**» 10-20 балл аралығында алған балалар.
3. «**Төменгі деңгей**» 1-10 балл аралығында алған балалар.

*Кесте 1*

**СТЖД II деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорының нәтижесі (%-бен)**

№	Деңгей	Пайыздық көрсеткіштері
1	Жоғарғы	0%
2	Ортаңғы	45%
3	Төменгі	55%

2-кесте деректері 1-суретте көрсетілген



Зерттеу нәтижесі (Кесте-1) СТЖД балалардың сөздік қоры балалардың жартысынан көбінде төмен деңгейде екендігін анықтап берді. Ал орта деңгей 45%, төменгі деңгей 55% екендігі анықталып отыр.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған екінші деңгейдегі балалардың сөздік қорының төменгі дәрежеде екенін жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде айқындалды. Бала-

ларға тоғыз категория бойынша берілген тапсырмалардың барлығы дерлік орындалмады. Тұрмыста жиі қолданылмайтын сөздерді айтуда қыйналады. Сөздік қорды тексеру тапсырмаларында киім-кешек, музыкалық аспаптар, аяқ киімдер, гүлдер мен өсімдіктердің түрлерін атай алмады. Заттардың атауларын атау кезінде және сұрақтарға жауап беруде сөздегі дыбыстарды бұрмалау, шатастыру және тастап кету жағдайлары байқалды. Сонымен қатар, сөздің буындық құрамын сақтамады, сұрақтарға бір ғана сөзбен жауап берді. Демек бұл балаларға сөздік қорды дамыту жұмыстарын жүргізу қажет екені сөзсіз.

Сонымен мектепке дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған екінші деңгейдегі балалардың сөйлеу тілінің сөздік, құрылымдық компоненттерін талдай келе, олардың нашар дамығандығын көрсетті. Бұл комплексті сурет салу негізінде қалыптастыру бойынша коррекциялық жұмысты қажет ететіндігі сөзсіз. Сондықтан біз болашақта сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөздік қорының қазіргі жағдайын анықтау үшін, коррекциялық жұмысты іріктеп алу үшін осы контингенттегі балаларға анықтауыш эксперимент жүргіздік.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. «Логопедия». Оқулық. /Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Түлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 469/648 бет.
2. Нищева Н.В. «Комплексная образовательная программа дошкольного образования для детей с ОНР с 3 до 7 лет» «ДЕТСТВО-ПРЕСС», 2015. 114/240 стр.
3. Филичева Т.Б. «Устранение общего недоразвития речи у детей дошкольного возраста» Айрис – пресс, 2010. 5-8 /198 стр.
4. Завьялова Г.А. Развитие речи в дошкольном возрасте / Г.А. Завьялова. – М.: Интернет-Университет Информационных Технологий, 2002.
5. Волкова В.В. Развитие речи дошкольника: учебно-методическое пособие / В.В. Волкова. – М.: Академия, 2005.
6. Петрова И.В. Формирование словарного запаса у детей раннего и дошкольного возраста / И.В. Петрова. – М.: Владос, 2014.

**УДК 376.37**  
**МРНТИ 14.29.29**

*З.Н. Бекбаева<sup>1</sup>, Ж.Н. Нұрмаш<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>ғылыми жетекшісі, п.ғ.к., универ.қауымд.профессоры*

[kaznauzake@mail.ru](mailto:kaznauzake@mail.ru)

*<sup>2</sup>7M01902 – Арнайы педагогика: Логопедия мамандығының 2-курс магистранты*

[zzzhannur@gmail.com](mailto:zzzhannur@gmail.com)

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

## **Артикуляциялық диспраксия кезіндегі түзету жұмыстары**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада артикуляциялық диспраксия түсінігі, дисфункциясы және бұзылу белгілері, артикуляциялық диспраксиясы бар балалармен түзету жұмыстары және осы бұзылумен жұмыс істеудің тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылған. Мақалада артикуляциялық диспраксияны түзетудің әртүрлі әдістері қарастырылады, мысалы, артикуляциялық гимнастика, арнайы жаттығулар мен ойындар арқылы жұмыс істеу. Осы әдістердің әрқайсысының тиімділігін және оларды қолдану ерекшеліктері сипатталған.

Мақала логопедия, педагогика және психология саласындағы мамандарды қызықтырады. Бұл сізге осы бұзылуды түзетудің өзекті зерттеулері мен әдістерімен танысуға және балалардағы артикуляциялық диспраксияны түзетуге көмектеседі.

**Түйінді сөздер:** праксис, диспраксия, артикуляциялық диспраксия, түзету, қимыл-қозғалысты жоспарлау, саматогнозис.